

**2015 жылдың өніміне бірінші көбейтілген және бірінші ұрпақ будандарының тұқымдарын тұтынудың (пайдаланудың) аймақтар бойынша және дақылдар бөлінісінде ең төменгі нормаларын бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Алматы облысы әкімдігінің 2015 жылғы 27 мамырдағы № 229 қаулысы. Алматы облысы Әділет департаментінде 2015 жылы 09 маусымда № 3203 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы әкімдігінің 2016 жылғы 12 тамыздағы № 434 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы әкімдігінің 12.08.2016 № 434 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 37- бабының 1-тармағына және "Тұқым шаруашылығын дамытуды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" 2014 жылғы 12 желтоқсандағы № 4-2/664 Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрі бұйрығымен бекітілген Қағидаларының 6-тармағына сәйкес, Алматы облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған 2015 жылдың өніміне бірінші көбейтілген және бірінші ұрпақ будандарының тұқымдарын тұтынудың (пайдаланудың) аймақтар бойынша және дақылдар бөлінісінде ең төменгі нормалары бекітілсін.

2. "Алматы облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" мемлекеттік мекемесінің басшысына осы қаулыны әділет органдарында мемлекеттік тіркелгеннен кейін ресми және мерзімді баспа басылымдарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған интернет-ресурста және облыс әкімдігінің интернет-ресурсында жариялау жүктелсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары С. Бескемпіровка жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Облыс әкімі*

*А. Баталов*

Облыс әкімдігінің 2015 жылғы "27" мамыр "2015 жылдың өніміне бірінші көбейтілген және бірінші ұрпақ будандарының тұқымдарын тұтынудың (

пайдаланудың) аймақтар бойынша және дақылдар бөлінісінде ең төменгі нормаларын бекіту туралы" № 229 қаулысына келісім

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ауыл шаруашылығы

министрі

Мамытбеков Асылжан Сарыбайұлы

Алматы облысы әкімдігінің 2015 жылғы "27  
" мамырдағы "2015 жылдың өніміне бірінші  
көбейтілген және бірінші ұрпақ  
будандарының тұқымдарын тұтынудың (пайдаланудың) аймақтар бойынша және  
дақылдар бөлінісінде ең төменгі  
нормаларын бекіту туралы" № 229  
қаулысымен бекітілген

**2015 жылдың өніміне бірінші көбейтілген және бірінші ұрпақ  
будандарының тұқымдарын тұтынудың (пайдаланудың) аймақтар  
бойынша және дақылдар бөлінісінде ең төменгі нормалары**

№	Дақыл	Аймақтар			
		1	2	3	4
		Бірінші көбейтілген және бірінші ұрпақ будандарының тұқымдарын 1 гектарға тұтынудың (пайдаланудың) ең төменгі нормалары, килограмм			
1	бидай	5,250	5,254	4,480	3,774
2	арпа	5,662	5,663	4,837	4,074
3	тары		0,069		
4	сұлы		1,704	1,430	
5	күздік қара бидай		4,279		
6	күріш				9,542
7	жүгері (будан)	36,400	36,399	36,401	33,791
8	қытай бұршағы	0,962	0,962	0,962	0,962
9	мақсары		0,285	0,291	0,275
10	күнбағыс (сорт)		0,648		
11	күнбағыс (будан)		19,500	23,400	
12	қант қызылшасы		13,000	13,000	13,000
13	картоп	304,264	304,264	304,264	226,445
14	дәнді көпжылдық шөптер		25,000	25,000	
15	бұршақты көпжылдық шөптер	15,730	23,400	23,405	20,779

Ескерту: 1 (бірінші) аймақ – таулы-қыратты,  
2 (екінші) аймақ – таулы-далалы,  
3 (үшінші) аймақ – тау бөктері далалы шөлейт,  
4 (төртінші) аймақ – шөлейт.

Бірінші аймаққа Райымбек ауданы және Текелі қаласы кіреді.  
Екінші аймаққа Ақсу, Алакөл, Еңбекшіқазақ, Ескелді, Қарасай, Кербұлақ,  
Панфилов, Сарқан, Талғар аудандары және Талдықорған қаласы кіреді.  
Үшінші аймаққа Жамбыл, Іле, Көксу, Ұйғыр аудандары кіреді.  
Төртінші аймаққа Балқаш, Қаратал аудандары және Қапшағай қаласы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК